

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына (тауарлардың шығарылуын айқындаудың преференциялы емес қағидаларына) өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 47 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 37-бабының 2-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 13 шілдедегі № 49 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына (тауарлардың шығарылуын айқындаудың преференциялы емес қағидаларына) өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Кожошев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2022 жылғы 5 сәуірдегі  
№ 47 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың шығарылуын айқындау қағидаларына (тауарлардың шығарылуын айқындаудың преференциялы емес қағидаларына) енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Мәтін бойынша тиісті тұлғадағы "тауардың шығарылуы туралы сертификат", "Тауардың шығарылуы туралы сертификат" деген сөздер тиісінше тиісті тұлғадағы "сертификат", "Сертификат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-тармақта:

а) бірінші абзацтағы "тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағына Одаққа мүше болып табылмайтын елдерден әкелу кезінде" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағына Одаққа мүше болып табылмайтын елдерден әкелітені тауарларға қатысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкелінетін тауарлардың шығарылуын кедендік бақылау Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес жүзеге асырылады."

3. 2-тармақ он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"уәкілетті орган" - үшінші тараптың заңнамасына сәйкес тауардың шығарылуы туралы сертификаттар беруге уәкілеттік берілген орган (ұйым)."

4-тармақтың 9-тармақшасындағы "және залалсыздандыру және (немесе) шикізатқа қайта өңдеу үшін ғана жарамды" деген сөздер алып тасталсын;

5. 20-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауардың шығарылуы туралы сертификат (бұдан әрі - сертификат)."

6. Мынадай мазмұндағы 20<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын::

"20<sup>1</sup>. Тауардың шығарылуын растау мақсаттары үшін тауардың шығарылуы туралы құжаттың қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы, тауардың шығарылуы туралы құжаттың көшірмесі (қағаз жеткізгіште немесе графикалық электрондық көшірме түрінде) немесе сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште ресімдемей, электрондық түрде уәкілетті орган берген сертификат (қағаз жеткізгіште немесе графикалық электрондық көшірме түрінде) пайдаланылуы мүмкін."

7. 24-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тауарлардың шығарылуын растау мақсаттары үшін ұсынылған сертификат көшірмесіндегі (қағаз жеткізгіште немесе графикалық электрондық көшірме түрінде) мәліметтердің сертификат түпнұсқасындағы мәліметтерге сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің кеден органы сертификатты уәкілетті орган сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште ресімдемей, тек электрондық түрде беретін жағдайларды қоспағанда, сертификаттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште сұратуға құқылы."

8. 25-тармақта:

а) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген, тауардың шығарылуына байланысты ішкі нарықты қорғау шаралары қолданылған жағдайда, Одақтың кедендік аумағына бір жөнелтушіден бір алушының атына жалпы кедендік құны (Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 136-бабының 2-тармағы ескеріле отырып айқындалған ішкі тұтыну үшін шығарудың

кедендік рәсіммен орналастырылатын тауарлар үшін) бір көліктік (тасымалдау) құжат бойынша әкелінетін ұқсас тауарлардың шығарылуы 1 500 евроға баламалы сомадан, ал 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 200 еуродан асып кетсе, сертификатпен (ішкі нарықты қорғаудың қолданылатын шараларының сақталуын растау жағдайын қоспағанда) расталады.";

б) екінші абзацта:

"кедендік декларациялау кезінде преференциялы сауда кезінде қолданылатын тауардың шығарылуы туралы сертификатты ұсына отырып" деген сөздер "преференциялы сауда кезінде қолданылатын сертификатпен расталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы Қағидаларда көзделген тауардың шығарылуы туралы сертификатты ұсыну" деген сөздер "ұқсас тауарлардың шығарылуын осы Қағидаларда көзделген сертификатпен растау" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 26-тармақта:

а) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Мүше мемлекеттің кеден органы мен уәкілетті орган арасында сертификаттың берілуін және ондағы мәліметтердің анықтығын тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығарылуын верификациялаудың электрондық жүйесін қолдану туралы уағдаластық болған кезде мүше мемлекеттің кеден органына сертификат берілмейді. Бұл ретте мұндай сертификат туралы мәліметтер кедендік декларацияда көрсетілуге тиіс.";

б) "тауардың шығарылуы туралы сертификаттың қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы" деген сөздер "сертификат" деген сөзбен ауыстырылсын;

10. 28-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

11. 29-тармақта:

а) бірінші абзацта:

"ұсынылған" деген сөз алып тасталсын;

"жағдайда," деген сөзден кейін "сондай-ақ таңдап тексеру жүргізу мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

б) үшінші абзац "және" деген сөзден кейін "таңдап тексеру жүргізу мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

12. 32-бапта:

а) "сертификаттың берілуі және ондағы мәліметтердің дұрыстығы фактісін" деген сөздер "сертификатты" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Электрондық дерекқорлар сертификатты беру фактісін растауға мүмкіндік беруі тиіс және сертификатта көрсетілген өзге де мәліметтерді қосымша қамтуы мүмкін."

13. 33-тармақта:

а) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үшінші тарап көрсетілген ақпаратты мүше мемлекеттердің бірінің мемлекеттік билік органының назарына жеткізген жағдайда, мұндай мүше мемлекет алынған ақпаратты басқа мүше мемлекеттерге ақпарат беру мақсатында Комиссияға жібереді.";

б) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын.:

"Электрондық дерекқорлар туралы ақпаратты Комиссияға жіберу және оны Одақтың ресми сайтына орналастыру мүше мемлекеттердің кеден органдарының электрондық дерекқорларды қолдануы үшін міндетті шарт болып табылмайды."

14. 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Тауарлардың шығарылуы Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 314-бабының 5-тармағында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ мынадай:

1) тауарлардың шығарылуына жүргізілген кедендік бақылаудың нәтижелері бойынша верификация туралы сұрау салуға алынған жауап негізінде сертификаттың түпнұсқалығын және (немесе) ондағы мәліметтердің анықтығын анықтау мүмкін болмаған;

2) осы Қағидалардың 24-тармағында және 26-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларда мүше мемлекеттің кеден органының талабы бойынша сертификат ұсынылмаған;

3) тауарлардың шығарылуына жүргізілген кедендік бақылаудың нәтижелері бойынша тауардың шығарылуы туралы құжатта көрсетілген тауарды кедендік декларацияда көрсетілген тауармен сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда расталмаған деп есептеледі."

15. Тауардың шығарылуы туралы сертификатқа қойылатын талаптарда (көрсетілген Қағидаларға қосымша):

а) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың (бұдан әрі – сертификат) түпнұсқасы қағаз жеткізгіште пайдаланылған жағдайда, мұндай сертификат механикалық немесе химиялық тәсілмен бұрмалаудан қорғауды қамтамасыз ететін құралдар қолданыла отырып, А4 (ISO) немесе letter (ANSI A) форматындағы қағаз парақтарда дайындалады.";

б) 2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Декларант куәландырған сертификаттың орыс тіліне немесе осындай сертификат табыс етілетін кеден органына мүше мемлекеттің мемлекеттік тіліне аудармасын ұсынған жағдайда басқа тілдерде толтырылған сертификатты ұсынуға жол беріледі.

Сертификатта:

ағылшын, француз немесе орыс тілдерінде көрсетілген мәліметтердің басқа тілдерде қайталануына;

осы Талаптардың 5-тармағында көзделген, ағылшын, француз немесе орыс тілдерінде көрсетілген міндетті мәліметтерге қосымша мәліметтерді басқа тілдерде көрсетуге;

географиялық объектілердің атауларын, мекенжайларды, ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанын, фирмалық атауларды, үшінші тараптың заңнамасына сәйкес сертификаттар беруге уәкілетті органның (ұйымның) атауын және өз есімдерін басқа тілдерде көрсетуге;

баспаханалықтан өзгеше тәсілмен сертификаттың нөмірі мен берілген күнін көрсетуге;

уәкілетті органның мөр бедеріндегі ақпаратты кез келген тілде көрсетуге жол беріледі.";

в) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сертификаттың қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы пайдаланылған жағдайда түзетулер және (немесе) толықтырулар қате ақпаратты сызып тастау және түзетілген мәліметтер үстінен теру немесе қолмен енгізу арқылы сертификатқа енгізіледі, олар лауазымды адамның қолтаңбасымен және уәкілетті органның мөрімен расталады.

Сертификатта тазартулардың, түзетулердің және куәландырылмаған түзетулердің және (немесе) толықтырулардың болуына жол берілмейді.";

г) 5-тармақта:

бірінші абзацтағы "мынадай ақпаратты" деген сөздер "мынадай мәліметтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақша "(мөр бедерінде уәкілетті органның атауы туралы деректер болған жағдайда, мұндай мәліметтерді қосымша көрсету талап етілмейді)" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы тауарды кедендік декларациялау кезінде мәлімделген тауармен сәйкестендіру үшін жеткілікті тауардың сипаттамасын қамтиды.

Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген тауар сипаттамасына қосымша инвойстың, келісімшартқа өзіндік ерекшеліктің немесе олардағы тауардың сипаттамасын оны сәйкестендіру мақсатында пайдалану үшін өзге де тауарға ілеспе құжаттың деректемелерін көрсетуге жол беріледі;"

7-тармақшаның күші жойылды деп танылсын;

8-тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын.:

"Уәкілетті орган электрондық түрде берген сертификат қағаз жеткізгіштегі сертификаттың түпнұсқасын ресімдемей пайдаланылған жағдайда, сертификатта уәкілетті органның мөрі бедерінің және осы уәкілетті органның лауазымды адамының қолтаңбасының болуы туралы талаптардан ауытқуға жол беріледі. Бұл ретте мұндай сертификатта уәкілетті орган мөрінің графикалық бейнесі болуға тиіс.";

д) мынадай мазмұндағы 6<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын.:

"6<sup>1</sup>. Егер сертификатта тауарлар туралы барлық ақпаратты көрсету үшін орын жеткіліксіз болса, уәкілетті органның мөрімен расталған А4 (ISO) немесе letter (ANSI A ) форматындағы қосымша қағаз парақтар пайдаланылады.

Сертификатқа қосымша парақтар ретінде инвойсты, келісімшартқа өзіндік ерекшелікті немесе тауарға сәйкестендіру жүргізуге мүмкіндік беретін сипаттаманы қамтитын өзге де тауарға ілеспе құжатты және тауар туралы өзге де мәліметтерді пайдалануға жол беріледі. Мұндай құжаттар уәкілетті органның мөрімен куәландырылуға тиіс.

Уәкілетті орган электрондық түрде берген сертификат қағаз жеткізгіштегі сертификаттың түпнұсқасы ресімделмей пайдаланылған жағдайда, мұндай сертификатқа қосымша парақтарда (оның ішінде инвойстың қосымша парақтары ретінде пайдаланылатындарын, келісімшартқа ерекшелікті немесе өзге де тауарға ілеспе құжатты) уәкілетті органның мөр бедерінің болуы туралы талаптардан ауытқуға жол беріледі. Бұл ретте мұндай сертификатқа қосымша парақтарда уәкілетті орган мөрінің графикалық бейнесі болуға тиіс.";

е) 7-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

ж) мынадай мазмұндағы 9<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын.:

"9<sup>1</sup>. Егер сертификатта бірнеше тауар туралы мәліметтер көрсетілген жағдайда, онда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының тауарлардың біреуінің шығарылуы туралы мәліметтердің анық еместігі белгілеріннің анықталуы сертификатта көрсетілген басқа тауарлардың шығарылуына күмән келтірмеуге тиіс және осы сертификатты осындай басқа тауарлардың шығарылуы туралы құжат ретінде қарамауға негіз болып табылмауға тиіс."